

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Е ҚазСТА 3/77-24	
			Күні 3.01.2024 ж.	
			Басылым 02	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		Беті	барлығы
1			16	

БЕКІТЕМІН

«Қазақ спорт және туризм академиясы» АКА Президенті,
профессор
К.К. Закирьянов



2025 ж.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ


Әзірленді		Келісілді		Бекітілген
Т.Х.Мамбетказиев		М. З. Ескалиев		ҚазСТА Ғылыми кеңесінің шешімі №3 хаттама 31.10.2025 ж.
мерзімі	қолы	мерзімі	қолы	Қолданысқа енгізілді
24.10.25	X	28.10.25		Бұйрық № 21-П, 12.12.2025

Алматы, 2025

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Е ҚазСТА 3/77-24	
			Күні 3.01.2024 ж.	
			Басылым 02	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		Беті	барлығы
			2	16

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Терминдер мен анықтамалар	4
4. Белгілер мен қысқартулар	6
5. Мақсаттары мен міндеттері	6
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары	6
7. Коммуникацияны жүзеге асыру	7
8. Сыйлықтар/өкілдік шығындарды ұсыну	8
9. Профессор-оқытушылар құрамының мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары	8
10. Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында білім алушылардың мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары	10
11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың негізгі бағыттары	12
12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ұйымдастырушылық негіздері (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия)	13
13. Жеке және заңды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілігі	16
14. Қорытынды бөлім	16

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Е ҚазСТА 3/77-24	
			Күні 3.01.2024 ж.	
			Басылым 02	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		Беті	барлығы
			3	16

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Стандарт "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының 30.06.2025 жылғы Заңына және "Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын бекіту туралы" ҚР Президентінің Жарлығына, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Стандартта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрестің, ҚазСТА-дағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайтудың және (немесе) жоюдың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері белгіленеді.

1.3. Стандарт белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ПОҚ, қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласындағы қызметкерлер мен білім алушылардың іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

1.4. ҚазСТА лауазымды адамдары кез келген нысанда және көріністе сыбайлас жемқорлықты қабылдамауға бағытталған корпоратившілік мәдениетті ілгерілетуге тікелей қатысады, сондай-ақ барлық деңгейлерде сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне бітіспес көзқарас туралы мәлімдейді.

1.5. ҚазСТА профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен білім алушылары өздерінің еңбек функцияларын орындау кезінде немесе өздерінің білім беру қызметін жүзеге асыру кезінде ҚазСТА атынан ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және осы Стандарттың нормаларын сақтауға тиіс.

1.6. ҚазСТА профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен білім алушылары айналасындағылар ҚазСТА мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе жасауға қатысуға дайын деп түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға тиіс.

1.7. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде ҚазСТА сыбайлас жемқорлыққа байланысты түрлі тәуекелдерге тап болуы мүмкін. Бұл тәуекелдер белгілі бір юрисдикциялардағы қызметті жүзеге асырумен, белгілі бір операциялармен және жеке жобаларды жүзеге асырумен байланысты болуы мүмкін. Осыған байланысты, ҚазСТА-да сыбайлас жемқорлықтың көрінуіне байланысты туындайтын тәуекелдерді анықтау, бағалау және қайта бағалау үшін тиісті шаралар қабылдануда.

1.8. ҚазСТА қажетті рәсімдерді әзірлейді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен паракорлықтың алдын алуға және оған жол бермеуге бағытталған барабар шараларды қабылдайды, оның ішінде үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынас орнату кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға бағытталған тиісті тексеруді жүзеге асырады.

1.9. Шарттар жасасу кезінде ҚазСТА осы стандарттың негізгі қағидаттарын үшінші тұлғалардың назарына жеткізеді және үшінші тұлғалардың осы Стандарттың қағидаттарын бөлісуі және ұстануы үшін күш салады; жекелеген жағдайларда ҚазСТА үшінші тұлғалармен жасалған шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізуді талап етеді.

1.10. Осы стандарттың негізінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша төмендегідей тікелей іс-әрекеттер жатыр:

1.10.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті қозғайтын саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	Е ҚазСТА 3/77-24	
		Күні 3.01.2024 ж.	
		Басылым 02	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	Беті	барлығы
		4	16

1.10.2. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

1.10.3. ҚазСТА ішкі нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

1.10.4. Тиісті өмір саласының ерекшелігіне байланысты басқа да әлеуметтік маңызды қатынастар.

1.11. Осы Стандарт ҚазСТА ҒК шешімімен бекітіледі және қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

1.12. Осы Стандарт атқаратын лауазымына, атқаратын функциялары мен жұмыс мерзіміне карамастан, сондай - ақ білім алушылар үшін ҚазСТА профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

1.13. Осы стандартқа өзгерістер ҚазСТА-ның ішкі нормативтік актілеріне сәйкес енгізілуі мүмкін.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Осы рәсім мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

Қазақстан Республикасының кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ;	Еңбек кодексі
ҚР кодексі (Жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 269- XIII;	Азаматтық кодекс
ҚР кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ	Қылмыстық кодекс
ҚР кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235 - V ҚРЗ;	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы
ҚР Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 - V ҚРЗ;	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы
ҚР Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416 - V ҚРЗ;	Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы
ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III	"Білім туралы"
ISO 3700 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарты	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі
1999 жылы 19 маусымда Болоньяда 29 елдің министрлері қол қойған декларация	Болон декларациясы

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1. Осы стандартта оның негізінде әзірленген нормативтік құжаттардан алынған терминдер мен анықтамалар пайдаланылады.

3.2. Төменде осы процедурада ең көп қолданылатын немесе маңызды терминдер келтірілген:

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Е ҚазСТА 3/77-24	
			Күні 3.01.2024 ж.	
			Басылым 02	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		Беті	барлығы
			5	16

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	корпоративтік мәдениетті дамытуға және Академияның беделін нығайтуға бағытталған құндылықтарды, мінез-құлықтың негізгі принциптері мен стандарттарын белгілейтін Академияның ішкі құжаты
Академия қызметкері	жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және Академиямен еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға
Академия білім алушысы	оқытудың барлық түрлері мен формаларының студенттері.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Академияның өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі.
Мүдделер қақтығысы	Академия лауазымды адамдарының және (немесе) оның қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына немесе Академияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мүліктік және өзге де мүдделерінің арасында Академия үшін қолайсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін қайшылық туындайтын жағдай.
Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу	Академияның алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі
Лауазымды тұлға	Академияда басқару функцияларын орындайтын тұлға, сондай-ақ сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілетті тұлға
Сыбайлас жемқорлық	Академия қызметкерлері мен білім алушыларының, сондай-ақ лауазымды адамдарының өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы өздері не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы адамдарға игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен пара беру
Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық	сыбайлас жемқорлық белгілері бар іс-әрекет, заң бойынша әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген құқыққа қарсы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	Е ҚазСТА 3/77-24	
		Күні 3.01.2024 ж.	
		Басылым 02	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	Беті	барлығы
		6	16

4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Стандарт	"Қазақ спорт және туризм академиясы" КеАҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты
ҚазСТА	"Қазақ спорт және туризм академиясы" КеАҚ
Комиссия	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ҚБ	Құрылымдық бөлімше

5. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі мақсаттары:

5.1.1. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық фактілерінің мүмкіндігін болдырмау, алғышарттарға жол бермеу;

5.1.2. Сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарын болдырмау;

5.1.3. Сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жазаның сөзсіздігін қамтамасыз ету;

5.1.4. ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру;

5.1.5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы "Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Жарлығын және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын қамтамасыз ету;

5.1.6. ОПҚ-ның, қызметкерлер мен білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сыбайлас жемқорлыққа байланысты жағымсыз процестер мен құбылыстардан қорғауды қамтамасыз ету, ҚазСТА-ның білім беру қызметіне деген сенімді нығайту.

5.2. Осы мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

5.2.1. ОПҚ-да, қызметкерлерде және білім алушыларда ҚазСТА ұстанымын түсінуді және кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықтан бас тартуды қалыптастыру;

5.2.2. ОПҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі нормаларын сақтаудағы міндеттерін белгілеу;

5.2.3. ҚазСТА ОПҚ, қызметкерлері мен білім алушыларын сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін азайту;

5.2.4. Лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін онтайландыру және нақтылау;

5.2.5. Білім беру процесіне қатысушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру;

5.2.6. ҚазСТА ұсынатын білім беру қызметтерін басқарудың тиімділігін, сапасы мен қолжетімділігін арттыру;

5.2.7. Азаматтардың ҚазСТА қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу.

6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

6.1. Қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестік қағидаты:

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Е ҚазСТА 3/77-24	
			Күні 3.01.2024 ж.	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		Басылым 02	
			Беті	барлығы
			7	16

6.1.1. ҚазСТА-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саясаты ҚР Конституциясына, ҚР Президентінің нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ ҚР-ның өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және ҚР БҒМ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарына сәйкес келеді.

6.2. Басшылықтың жеке үлгісі принципі:

6.2.1. ҚазСТА басшылығының Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудағы және ҚазСТА сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың ішкі ұйымдастыру жүйесін құрудағы басты рөлі.

6.3. ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушыларды тарту қағидаты:

6.3.1. ҚазСТА қызметкерлер мен білім алушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы үнемі хабардар етеді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді түрде тартады.

6.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс рәсімдерінің сыбайлас жемқорлық тәуекеліне пропорционалдылық қағидаты:

6.4.1. ҚазСТА ұжымды, оның басшылығы мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту ықтималдығын төмендетуге мүмкіндік беретін іс-шаралар әзірленіп, орындалады.

6.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі қағидаты:

6.5.1. ҚазСТА сыбайлас жемқорлық қатынастардың туындау ықтималдығын төмендететін, іске асырудың қарапайымдылығын қамтамасыз ететін және елеулі нәтиже беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар қолданылады.

6.6. Жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы принципі:

6.6.1. ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылар үшін атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және еңбек міндеттерін орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда өзге де жағдайларға қарамастан жазаның бұлтартпаушылығы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру үшін басшылықтың дербес жауапкершілігі.

6.7. Тұрақты бақылау және тұрақты мониторинг принципі:

6.7.1. ҚазСТА енгізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс рәсімдерінің тиімділігіне мониторинг, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау үнемі жүзеге асырылады.

7. КОММУНИКАЦИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

7.1. ҚазСТА қолданыстағы нормативтік актілерді, сондай-ақ осы ОПҚ стандартын, ҚазСТА қызметкерлері мен білім алушыларын ақпараттандыру және түсіндіру бойынша барлық күш-жігерін салады.

7.2. ОПҚ, қызметкерлер мен білім алушылар еңбек шартын, білім беру қызметтерін көрсету туралы шартты жасасу кезінде осы стандартпен танысады, сондай-ақ осы стандартты сақтау жөніндегі міндеттемеге қол қояды.

7.3. ҚазСТА сыбайлас жемқорлық пен паракорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ОПҚ, қызметкерлер мен білім алушыларды оқытуды тұрақты негізде жүргізеді.

7.4. Осы Стандарт ҚазСТА-ның ресми сайтында жариялы түрде орналастырылады.

7.5. Қолданыстағы нормативтік актілердің, сондай-ақ осы стандарттың ОПҚ, ҚазСТА қызметкерлері мен білім алушылары, үшінші немесе өзге тұлғалар тарапынан бұзушылықтар (ОПҚ, қызметкерлер мен білім алушыларды сыбайлас жемқорлық құқық

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ		Е ҚазСТА 3/77-24	
	КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА		Күні 3.01.2024 ж.	
	KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Басылым 02	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		Беті	барлығы
			8	16

бұзушылықтар жасауға итермелеу жағдайларын қоса алғанда) анықталған жағдайда, қызметкер немесе білім алушы Академия басшылығына дереу жүгінуге тиіс.

8. СЫЙЛЫҚТАР/ӨКІЛДІК ШЫҒЫНДАРДЫ ҰСЫНУ

8.1. ҚазСТА іскерлік сыйлықтармен алмасуды және өкілдік шығыстарды, оның ішінде іскерлік қонақжайлылықты жүзеге асыруды бизнесті жүргізудің қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік практика деп таниды.

8.2. ҚазСТА ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушыларына, егер мұндай әрекеттер/сыйлықтар болған жағдайда, кез келген сыйлықтарды/іскерлік қонақжайлылық белгілерін/өкілдік шығыстарды ұсынуға, уәде беруге, беруге, беруге, талап етуге, сұрауға, қабылдауға тыйым салынады:

8.2.1. ҚазСТА қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға немесе ҚазСТА үшін қандай да бір артықшылық немесе пайда алуға әсер ететін шешімдерді қабылдауға іріктеп әсер етудің тікелей немесе жанама мақсаты бар, егер бұл әрекеттерсіз ҚазСТА үшін қолайлы салдарлардың басталуы аз шынайы болып көрінген жағдайда;

8.2.2. Қолданыстағы заңнаманың және/немесе ҚазСТА ішкі құжаттарының нормаларына сәйкес келмейді;

8.2.3. ҚазСТА атынан емес, жеке тұлғаның атынан беріледі;

8.2.4. ҚазСТА үшін беделдік немесе өзге де сын-қатерлер туғызады;

8.2.5. Қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз ақша қаражаттары, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылады немесе қолма-қол ақшаның және/немесе сәнді заттардың басқа түрлерін немесе баламаларын білдіреді;

8.2.6. Нысан, құн және нақты жағдай тұрғысынан ақылға қонымды емес.

8.3. ҚазСТА қызметкері немесе білім алушысы өзі, өзге қызметкер, үшінші немесе өзге тұлға жасауы жоспарланған, осы стандарттың ережелерін бұзуға әкеп соқтырған іс-әрекетті анықтаған кезде (ҚазСТА қызметкерінің пайымдауынша/пайымдауға негіз бар), қызметкер/білім алушы бұл туралы жоғары тұрған басшылықты анықталған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

8.4. Басшылықты ақпараттандыру 10.4-тармаққа сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ "ҚазСТА" Президентінің немесе ректорының атына хабарламаның түпнұсқасын жолдау арқылы жүзеге асырылады.

9. ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ОҚШАУЛАНҒАН САЛАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ІС-ҚИМЫЛ) ҚАҒИДАЛАРЫ

9.1. Осы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

9.1.1. ҚР Конституциясы мен заңдарын, Президенттің, ҚР Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерін, өзге де құжаттарды, сондай-ақ осы Стандартты басшылыққа алу;

9.1.2. Мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау, Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету;

9.1.3. адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Е ҚазСТА 3/77-24	
			Күні 3.01.2024 ж.	
			Басылым 02	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		Беті	барлығы
			9	16

9.1.4. жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

9.1.5. өз іс-әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалануға;

9.1.6. жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

9.1.7. шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

9.1.8. заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

9.1.9. еңбек заңнамасының орындалуын, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз ету.

9.2. Білім беру қызметтерін және өзге де рұқсат беру функцияларын көрсету кезінде:

9.2.1. тұрақты негізде қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау;

9.2.2. көрсетілетін қызметті алушыларға білім беру қызметтерін көрсету тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда ұсыну;

9.2.3. көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеуге, сол сияқты қызмет көрсету және өзге де рұқсат беру функциялары барысында кез келген әуре-сарсаңға (бюрократияға) жол бермеуге;

9.2.4. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеген кезде басшылыққа баяндау;

9.2.5. білім беру қызметтерін көрсету үдерісін, қызмет көрсету кезінде үнемділік пен тиімділікті ұдайы жетілдіруді қамтамасыз ету.

9.3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғаларға:

9.3.1. сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

9.3.2. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

9.3.3. сатып алу процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету;

9.3.4. сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

9.3.5. атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

9.4. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

9.4.1. тікелей басшыға мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілік, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;

9.4.2. әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеуге және лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

9.4.3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

9.4.4. өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ білім алушылардың білімін бағалауды бақылаудың әртүрлі нысандарының қорытындылары үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы тікелей басшыға дереу баяндау;

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ		Е ҚазСТА 3/77-24	
	КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА		Күні 3.01.2024 ж.	
	KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Басылым 02	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		Беті	барлығы
			10	16

9.4.5. орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшыға дереу жазбаша нысанда хабарлау;

9.4.6. егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

9.4.7. табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден бас тарту.

9.5. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

9.5.1. нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға және талқылауға қатысушы құрылымдық бөлімшелердің қатысуын қамтамасыз ету;

9.5.2. нормативтік құқықтық актілердің әзірленген жобалары мүдделі органдарға келісуге жіберілгенге дейін ҚазСТА сайтында жария талқылау үшін орналастырылсын;

9.5.3. нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбау.

9.6. ҚазСТА ПОҚ мен қызметкерлерін іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде ұсынылады:

9.6.1. тағайындауға арналған материалдарды қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау;

9.6.2. ҚазСТА-ға жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

9.6.3. кадрларды іріктеу кезінде ҚР заңнамасының талаптарын сақтау;

9.6.4. ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

9.6.5. жұмысқа кандидаттардан еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

9.6.6. ҚазСТА қызметкерлеріне қатысты қызметтік тергеулерді объективті және жан-жақты жүргізу.

9.7. Тіршілік саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастарда:

9.7.1. бағынысты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты және нақты айқындау;

9.7.2. бағыныстағы лауазымды адамдар арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

9.7.3. олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

9.7.4. бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;

9.7.5. нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

9.7.6. қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбау;

9.7.7. қарамағындағыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемей;

9.7.8. әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша толық шараларды уақтылы қабылдау;

9.7.9. мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, ҚазСТА меншігін қызметтік мақсатта ұтымды, тиімді пайдалану.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Е ҚазСТА 3/77-24	
			Күні 3.01.2024 ж.	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		Басылым 02	
			Беті	барлығы
			11	16

10. ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ОҚШАУЛАНҒАН САЛАСЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ІС-ҚИМЫЛ) ҚАҒИДАЛАРЫ

10.1. Білім алушының мінез-құлық моделі:

10.1.1. әрбір білім алушы осы Стандарттың нормаларын орындай отырып, ҚазСТА-ның дамуы мен жетілдірілуіне, оның имиджі мен іскерлік беделін нығайтуға өз үлесін қосады;

10.1.2. білім алушы ҚР лайықты азаматы, таңдаған мамандығы бойынша кәсіби маман болуға, шығармашылық тұлғаның ең жақсы қасиеттерін дамытуға ұмтылады;

10.1.3. білім алушы әдептіліктің, мәдениет пен моральдың үлгісі, азғындық көріністеріне төзбейді және жыныстық, ұлттық немесе діни белгілері бойынша кемсітушілік көріністеріне жол бермейді;

10.1.4. білім алушы ҚазСТА дәстүрлерін құрметтейді, оның мүлкін қорғайды, ҚазСТА жатақханаларында, басқа оқу және спорт корпустарында тазалық пен тәртіпті сақтайды;

10.1.5. білім алушы шығармашылық белсенділікті (ғылыми-білім беру, спорттық, көркемдік және т.б.) дамытуға, ҚазСТА корпоративтік мәдениеті мен имиджін арттыруға бағытталған кез келген қызметті қажетті және пайдалы деп таниды;

10.1.6. ҚазСТА білім алушысы сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік танытуы тиіс;

10.1.7. білім алушы академиялық жосықсыздықтың барлық түрлерімен күресуді өзінің борышы деп санайды, оның ішінде: білімді бақылау рәсімдерінен өту кезінде көшіру және басқа адамдардан көмек сұрау; Интернет-ресурстарды қоса алғанда, көлемі бойынша кез келген дайын оқу материалдарын (рефераттар, курстық, бақылау, дипломдық және басқа да жұмыстар) өз еңбегінің нәтижесі ретінде ұсыну; жоғары баға алу үшін туыстық немесе қызметтік байланыстарды пайдалану; сабаққа келмеу, кешігу және себепсіз оқу сабақтарын өткізіп алу;

10.1.8. білім алушы академиялық жосықсыздықтың барлық аталған түрлерін ҚР-ның болашақ экономикалық, саяси және басқарушылық элитасына лайықты сапалы және бәсекеге қабілетті білім алумен үйлеспейді деп санайды;

10.2. Білім алушы мұны білуі тиіс:

10.2.1. пара беру туралы ұсыныстың өзі үшін де қылмыстық жауапкершілік жүктеледі;

10.2.2. пара беру әрекеті қылмыстық жауапкершілікке тартылады;

10.2.3. егер пара беруге бірнеше адам қатысса және "бәрі де, мен де" психологиясы жұмыс істесе, бұл қатысушылардың ешқайсысын қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды.

10.3. Егер осы Стандарттың нормаларын сақтамауға қатысты сұрақтар туындаса, онда білім алушы оларды кафедра меңгерушісіне, деканның орынбасарына, деканға қоя алады.

10.4. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа бейім болған кезде білім алушы кафедра меңгерушісіне, деканның орынбасарына, деканға жүгінуі тиіс.

10.5. Білім алушының жол берілмейтін мінез-құлық үлгісі:

10.5.1. ҚР Конституциясы мен заңдарын, ҚазСТА Жарғысын, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын және ҚазСТА-ның басқа да нормативтік актілерін сақтамау;

10.5.2. ҚР Мемлекеттік рәміздеріне, ҚР ұлттық мәдениетіне, тарихы мен мемлекеттілігіне, ҚазСТА дәстүрлеріне құрметсіздік;

10.5.3. ҚР-да тәртіпті тұрақсыздандыруға бағытталған ақпаратты тарату, сондай-ақ рұқсат етілмеген жиналыстарға, митингілерге, демонстрацияларға, пикеттерге, акциялар мен шерулерге қатысу;

10.5.4. сабақтың барлық түрлеріне қатыспау немесе кешігу;

10.5.5. ҚазСТА ПОҚ және қызметкерлерімен қарым-қатынаста бағыныстылық ұстанымын сақтамау;

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	Е ҚазСТА 3/77-24	
		Күні 3.01.2024 ж.	
		Басылым 02	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	Беті	барлығы
		12	16

10.5.6. іскерлік қарым-қатынастың негізгі ережелерін сақтамау, басқа білім алушылармен, ҚазСТА оқытушыларымен және қызметкерлерімен қарым-қатынаста әдепсіздік, мәдениетсіздік таныту;

10.5.7. науқас немесе өзге де дәлелді себептер бойынша сабаққа қатыспаған жағдайда ақталу құжаттарын ұсынбау;

10.5.8. мұғалімге қатысты арандатушылық: "басқаша жолмен", "келісу арқылы" шешу туралы ұсыныс;

10.5.9. қолтаңбаны немесе бағаларды оның ішінде ҚазСТА-ның кез келген қызметкерінің цифрлық бағаларын қолдан жасау;

10.5.10. факультеттің қызметтік үй-жайларында (кафедраларда, аудиторияларда), сынақ кітапшаларында, ПОҚ үшін кез келген заттарды немесе ақшаны жеке немесе делдал арқылы беру, қалдыру.

11. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

11.1. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

11.2. Білім алушыларға сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тәсілдері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық туралы оқыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.

11.3. "Сенім телефонының", ректордың пошта жәшігі мен электрондық поштасының, жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне арналған жәшіктің жұмыс істеуінің оң тәжірибесін кеңейту;

11.4. Білім алушылардың, ПОҚ және қызметкерлердің ЖАО, құқық қорғау органдарының өкілдерімен тұрақты кездесулерін өткізу практикасын жалғастыру.

11.5. ҚазСТА Интернет-ресурсында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы құқықтық ақпаратқа контингенттің кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жеке бөлім құру.

11.6. Білім беру қызметтерін көрсету бойынша шешімдерді қолдану мен іске асырудың ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету.

11.7. ПОҚ тарапынан сыбайлас жемқорлық әрекеттерін анықтау мақсатында ҚазСТА Президентінің, коплаенс қызметінің басшысының, ректордың, проректорлардың білім алушылармен және түлектермен кездесу тәжірибесін жалғастыру.

11.8. Құқық қорғау органдары мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің көріну фактілеріне төзбеушілік ахуалын қалыптастыру мақсатында оқу семинар-тренингтерін ұйымдастыру және өткізу.

11.9. Білім алушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеуді насихаттауды жандандыру.

11.10. "Оқытушы студенттердің көзімен" әлеуметтік сауалнамасын жүйелі жүргізуді жалғастыру.

11.11. Бос білім беру гранттарының, оның ішінде оқу процесінде босаған білім беру гранттарының мәселелерін реттеу ҚазСТА-ның арнайы ішкі нормативтік актісімен регламенттеледі.

11.12. Кураторлық сағаттарда, дөңгелек үстелдерде "Заң және сыбайлас жемқорлық", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары" тақырыптары бойынша оқу материалдарын қарау.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Е ҚазСТА 3/77-24	
			Күні 3.01.2024 ж.	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		Басылым 02	
			Беті	барлығы
			13	16

11.13. "Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" тақырыбында плакаттар конкурсын және тұрақты жұмыс істейтін кітап көрмесін ұйымдастыруды жетілдіру.

11.14. Қызметкерді жұмыстан шығару /студентті оқудан шығару/ сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне байланысты болған кезде оны еңбек шарттары мен шарттарына пункт ретінде енгізу.

11.15. "Platonus" бағдарламасы арқылы үлгерімді есепке алуды электрондық бақылауды жетілдіру.

11.16. Жала жапқаны үшін жауапкершілікті күшейте отырып, сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарлаған өтініш берушіні көтермелеу мүмкіндігін қарастыру.

11.17. Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу және сақтандыру мақсатында:

11.17.1. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі комиссиялар құру;

11.17.2. баламалы негізде студенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін омбудсмен студенттерінің арасынан сайлау практикасын енгізу.

12. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ (СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ)

12.1. Комиссия сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға байланысты мәселелерді алдын ала қарау, олар бойынша ұсынымдық сипаттағы ҚазСТА басшылығы үшін ұсыныстар дайындау, сондай-ақ қазақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды дайындау мақсатында құрылады.

12.2. Комиссия ҚазСТА Президентіне есеп беретін алқалы орган болып табылады.

12.3. Комиссия өз қызметінде ҚР Конституциясын, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық құжаттарды, ҚазСТА Президентінің, ректордың бұйрықтарын және осы Стандартты басшылыққа алады.

12.4. Комиссия қызметінің негізгі бағыттары:

12.4.1. сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу және сыбайлас жемқорлық үшін негіз болатын жағдаяттарды жою мақсатында ҚазСТА (оның БК) жұмыс істеуінің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық тетіктерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

12.4.2. Комиссияға келіп түсетін өтініштер мен ұсыныстарды, ҚазСТА лауазымды адамдарының, ПОҚ-ның, қызметкерлері мен білім алушыларының сыбайлас жемқорлық қызметіне қатысуы туралы өзге де мәліметтерді қабылдау және тексеру;

12.4.3. сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға ықпал ететін іс-шараларды (дәрістер, семинарлар, сауалнамалар, тестілеу, дөңгелек үстелдер, әңгімелесулер және т. б.) ұйымдастыру, өткізу;

12.4.4. ҚазСТА басшылығы үшін сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратты жинау, талдау және дайындау және оларды жою үшін ұсынымдар әзірлеу;

12.4.5. комиссия қызметінің бағыттарына сәйкес өзге де мәселелерді қарау.

12.5. Комиссия қызмет бағыттарына сәйкес құқылы:

12.5.1. комиссияға келіп түскен өтініштерді, хабарламаларды және өзге де құжаттарды алдын ала қарауды жүзеге асыру;

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	Е ҚазСТА 3/77-24	
		Күні 3.01.2024 ж.	
		Басылым 02	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	Беті	барлығы
		14	16

12.5.2. қаралатын мәселелер бойынша ақпаратты, түсіндірмелерді ҚазСТА лауазымды адамдарынан, ПОҚ-дан, ҚазСТА білім алушыларынан немесе қызметкерлерінен сұратуға және қажет болған жағдайда оларды өз отырыстарына шақырады;

12.5.3. оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау және кез келген ҚазСТА БК басшылығы мен басшыларына ұсыныстармен шығу;

12.5.4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша басшылық қабылдайтын шешімдердің орындалуын бақылау;

12.5.5. комиссия қызметін ұйымдастыру мәселелерін шешу;

12.5.6. комиссия қарайтын мәселелер бойынша жұмыс топтарын құру;

12.5.7. ҚР-да құрылған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

12.5.8. ҚазСТА-да лауазымды тұлғаларды, оқытушыларды, қызметкерлер мен білім алушыларды комиссиядағы жұмысқа тарту;

12.5.9. факультеттердің, ҚазСТА БК басқа да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс топтарының іс-қимылдарын үйлестіру, оларға орындау үшін міндетті нұсқаулар беру;

12.5.10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде комиссия тапсырмаларының орындалуын бақылау, сондай-ақ олардың барысын талдау;

12.5.11. комиссия қызметінің бағыттарына сәйкес өзге де мәселелерді жүзеге асыру.

12.6. Комиссия қызметін ұйымдастыру:

12.6.1. комиссия құру, оның сандық және дербес құрамы туралы шешім ҚазСТА Президентінің бұйрығымен қабылданады және бекітіледі.

12.7. Комиссия құрамына:

12.7.1. комиссия төрағасы;

12.7.2. комиссия төрағасының орынбасары;

12.7.3. комиссия хатшысы;

12.7.4. комиссия мүшелері.

12.8. Комиссия қызметін ҚазСТА Президентінің бұйрығымен тағайындалатын комиссия төрағасы, ал ол болмаған кезде Комиссия төрағасының орынбасары ұйымдастырады.

12.9. Комиссия өз қызметін комиссия туралы ереже, оның құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық, еркін және жария талқылау негізінде жүзеге асырады.

12.10. Комиссия Төрағасы:

12.10.1. комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

12.10.2. комиссияға келіп түскен материалдардың, құжаттардың тәртібін айқындайды және алдын ала қарауды ұйымдастырады;

12.10.3. комиссия отырыстарын шақырады;

12.10.4. күн тәртібінің жобасын қалыптастырады және комиссия отырысын дайындауға басшылықты жүзеге асырады;

12.10.5. Комиссия отырыстарына шақырылатын адамдардың құрамын айқындайды;

12.10.6. комиссия отырыстарын жүргізеді;

12.10.7. комиссия атынан жіберілетін ұсынымдарға, ұсыныстарға, хаттарға, өтініштерге және өзге де құжаттарға қол қояды;

12.10.8. өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

12.11. Комиссия төрағасының орынбасары, ол болмаған жағдайда Комиссия төрағасының міндеттерін орындайды.

12.12. Комиссия хатшысы:

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	Е ҚазСТА 3/77-24	
		Күні 3.01.2024 ж.	
		Басылым 02	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	Беті	барлығы
		15	16

12.12.1. білім алушылардан, ПОҚ-дан және ҚазСТА қызметкерлерінен өтініштерді, хабарламаларды, ұсыныстарды және өзге де құжаттарды қабылдайды және тіркейді;

12.12.2. комиссияның мәселелерді қарау үшін материалдар дайындайды;

12.12.3. комиссия мүшелеріне комиссияның кезекті отырысына материалдар жібереді;

12.12.4. комиссия отырыстарының хаттамаларын жүргізеді;

12.12.5. комиссияның құжаттамасын жүргізеді;

12.12.6. Комиссия төрағасының тапсырмасы бойынша ҚазСТА факультеттерімен және басқа да БК-мен, сондай-ақ мемлекеттік және жергілікті органдармен, қоғамдық ұйымдармен және өзге де құрылымдармен іскерлік хат алмасуды жүзеге асырады;

12.12.7. комиссияның жылдық есебінің жобасын дайындайды;

12.12.8. Комиссия төрағасының және оның орынбасарының тапсырмасы бойынша өзге де жұмыстарды жүзеге асырады.

12.13. Комиссия мүшесі:

12.13.1. комиссия жұмысына қатысады;

12.13.2. комиссия қарайтын барлық мәселелер бойынша дауыс беруге жеке өзі қатысады;

12.13.3. Комиссияның қарауына ұсыныстар енгізеді, оларды дайындауға, талқылауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға қатысады;

12.13.4. комиссияның және комиссия төрағасының тапсырмаларын орындайды;

12.13.5. комиссия өзіне жүктеген өзге де міндеттерді орындайды.

12.14. ҚазСТА Президентінің немесе Комиссия төрағасының шешімі бойынша жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

12.15. Жұмыс топтарының құрамына олар шешілетін мәселелерге байланысты ҚазСТА БК өкілдері, өзге де тұлғалар енгізілуі мүмкін. Жұмыс топтары қызметінің мақсаттары комиссия төрағасының оларды құру туралы шешімдерімен айқындалады.

12.16. Комиссия жұмысының тәртібі:

12.16.1. комиссия өз жұмысының тәртібін қызмет жоспарына сәйкес дербес айқындайды;

12.16.2. комиссия жұмысының негізгі нысаны қажет болған жағдайда, бірақ жылына кемінде бір рет өткізілетін комиссия отырыстары болып табылады. Комиссия төрағасының не комиссия төрағасының орынбасарының шешімі бойынша комиссияның кезектен тыс отырыстары өткізілуі мүмкін;

12.16.3. комиссия отырысының күн тәртібінің жобасы комиссия мүшелерінің ұсыныстары негізінде қалыптастырылады. Комиссия отырысының күн тәртібі комиссия отырысында бекітіледі;

12.16.4. комиссия отырысына материалдарды комиссия отырысы өтетін күнге дейін екі күннен кешіктірмей хатшы комиссия мүшелеріне жібереді;

12.16.5. комиссия отырысы, егер оған комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, заңды болады.

12.16.6. Комиссия отырыстарына комиссия мүшелерінің қатысуы міндетті. Комиссия мүшесінің комиссиядағы өз өкілеттіктерін өзге лауазымды адамдарға беруіне жол берілмейді. Комиссия мүшесінің отырысқа қатысуы мүмкін болмаған жағдайда ол бұл туралы комиссия төрағасына не комиссия төрағасының орынбасарына, не комиссия хатшысына алдын ала хабарлауға міндетті;

12.16.7. егер комиссия отырысы заңды болмаса, онда комиссия мүшелері комиссия отырысының күн тәртібінің жобасы мәселелері бойынша жұмыс кеңесін өткізуге құқылы;

12.16.8. Комиссия шешімдері қатысып отырған комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады;

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Е ҚазСТА 3/77-24	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		Күні 3.01.2024 ж.	
			Басылым 02	
			Беті	барлығы
			16	16

12.16.9. комиссия қарайтын мәселе бойынша ерекше пікірі бар комиссия мүшесі жазбаша нысанда баяндалған ерекше пікірді ұсынуға құқылы;

12.16.10. Комиссияның әрбір отырысы комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді, оған комиссия отырысына төрағалық етуші және комиссия хатшысы қол қояды;

12.16.11. кеңесші дауыс құқығымен комиссияның жұмысына мамандар, сарапшылар, ұйымдардың өкілдері, басқа да адамдар тартылуы мүмкін.

12.17. Комиссияның қызметін қамтамасыз ету:

12.17.1. ҚазСТА комиссия қызметін құқықтық, ақпараттық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

13. ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

13.1. ҚР азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін ҚР заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауаптылықта болады.

13.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға сот шешімі бойынша ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік және азаматтық қызметтің белгілі бір лауазымдарын атқару құқығынан айырылуы мүмкін.

13.3. Егер заңды тұлғаның атынан немесе мүддесі үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарды ұйымдастыру, дайындау және жасау жүзеге асырылған жағдайда, заңды тұлғаға ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін.

13.4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін заңды тұлғаға жауапкершілік шараларын қолдану кінәлі жеке тұлғаны осы Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауаптылықтан босатпайды, сондай-ақ жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін қылмыстық немесе өзге де жауаптылыққа тартылуы заңды тұлғаны осы Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауаптылықтан босатпайды.

14. ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

14.1. Бұл Стандарт ҚазСТА ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушылары күнделікті өз өмірінде қолданатын нормалар мен ережелердің көрінісі болып табылады.

14.2. Стандарт сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің ең жоғары деңгейін жариялайды, жоғары идеялық қағидаттар мен нормалардың сақталуын білдіреді, ҚазСТА-ның өз клиенттеріне, білім алушылары мен қызметкерлеріне қатысты нақты ұстанымына ықпал етеді.

14.3. ҚазСТА-ның негізгі құндылықтары адалдық, сенім, әділдік және әрбір білім алушы мен қызметкердің қызметі үшін жауапкершілікті өзара бөлісу болып табылады.

14.4. Осы стандартқа өзгерістер мен толықтырулар басшылықтың, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ұсыныстары бойынша енгізілуі мүмкін.

14.5. Осы стандартты өзгерту, толықтыру және жою туралы шешімді ҚазСТА Президенті қабылдайды.